

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫң ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ
МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

**БАС МЕМЛЕКЕТТІК ГЛАВНЫЙ
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР**

ҚАУЛЫ
Алматы қаласы
2020ж. 15 тамыз № 57

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
город Алматы
№ 57 от 15 августа 2020г.

**Қазақстан Чемпионаты аясында
футбол матчтарын откізу туралы**

«Қазақстан Футбол Федерациясы «Қауымдастыры» занды тұлғалар бірлестігінің Қазақстан Республикасы аумағында коронавирустық инфекцияға жол бермеу және оның пайда болуы жөніндегі ведомствоарлық комиссияның тәрағасы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л.Тоғжановтың атына 07.08.2020 ж. кіріс № 3869 өтініші негізінде,

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 2020 жылғы 18 тамыздан бастап Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Чемпионаты шеңберінде футбол матчтарын көрермендердің қатысуының өткізу қайта басталсын.

2. **Алматы қаласы спорт басқармасы, Қазақстан Футбол Федерациясы қамтамасыз етсін:**

1) футболшылар мен жаттықтырушыларды ПТР әдісімен тестілеуден өткеннен кейін және COVID-19-ға теріс нәтиже алғаннан кейін ғана қатысуға жіберу;

2) матчтарды өткізу үшін стадиондар санын барынша азайту;

3) матчтарды және жаттығу процестерін өткізу кезінде қол алысу түрінде командалардың сәлемдесуін болдырмау, трибуналарда көрермендердің болмауын қамтамасыз ету, соғылған голдан, женістен, матч аяқталғаннан кейін қарым-қатынаста тойлауға (құшақтауға) жол бермеу; командалардың жас футболшылармен аланға шығуын болдырмау;

4) стадиондарда қызмет көрсететін персонал санын барынша азайту, сондай-ақ, жеке топтар арасындағы кез-келген байланыстарды барынша азайту;

- 5) күнделікті термометриямен қатысушылардың денсаулық жағдайын, сондай-ақ, маскалардың, қолғаптардың, қолды өндөуге арналған антисептиктердің азаймайтын қорын бақылау;
 - 6) матчтар мен жаттығуларды қоспағанда, масканы міндетті түрде киоді қамтамасыз ету;
 - 7) әр команданың жеке қонақ үйде тұруы;
 - 8) әрбір команда үшін жеке көлікті пайдалану, қонақ үйлерден стадиондарға дейін және кері қарай футболшылар мен жаттықтырушыларды тасымалдау кезінде көліктің отыратын орын саны бойынша толтырылуын қамтамасыз ету; тасымалдау аяқталғанға дейін және одан кейін көлік құралдарына дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып өндөу жүргізу; жүргізушілер мен спортшыларды қолды өндөу үшін антисептиктермен және қорғау құралдарымен (маскалар мен қолғаптар) қамтамасыз ету;
 - 9) матчтарға дейін және одан кейін спорт ғимараттарын дезинфекциялық өндөу;
 - 10) команда дәрігерлері қонақ үй ғимаратына кіре берісінде футболшылар мен жаттықтырушылардың термометриясын бақылауы;
 - 11) күшайтілген санитариялық-дезинфекциялық режим (қолды өндөуге арналған санитайзерлер орнату, жанасатын беттерді күніне кемінде екі рет ондеу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды жинау, желдету);
 - 12) футболшылар үшін киім ауыстыратын бөлмелерде және төрешілер бөлмелерінде желдетудің күшайтілген режимін қамтамасыз ету;
 - 13) COVID-19-ға ұқсас белгілері бар науқас анықталған кезде жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін изоляторға орналастыру керек.
3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**

Ж. Бекшин

